

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!

ҮЗДІКТЕР

«EmbiMunayGas» АҚ-да Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау (Экологтар күні) және Дүниежүзілік еңбекті қорғау күндеріне орай салтанатты шара өтті. Шарада үздік мамандар анықталып, 2017 жылғы өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау байқауының қорытындысы бойынша үздіктерді марапаттау рәсімі болды.



Құлсары қаласында өткен салтанатты шараға Компанияға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінің жетекшілері мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға, өрт және электр қауіпсіздігіне бақылау бойынша тұрақты жұмыс жасайтын комиссияның мүшелері қатысты.

– «EmbiMunayGas» АҚ-да өндірістік қауіпсіздікті қалыптастыру, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін болдырмау – негізгі бағыттардың бірі. Бүгінгі шараның мақсаты – өткен жылы өндіріс саласында қауіпсіздік талаптардың сақталуына, еңбекті

қорғау мен қауіпсіздік техникасының сақталуында үлес қосқан мамандардың еңбегін бағалау, – деп атап өтті салтанатты жиында **ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, Тұрақты комиссияның төрағасы Айболат ГАБДУЛЛИН.**

– Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері басым болғандықтан, осы бағытта ең үздік нәтижелерге қол жеткізген басқарма үшін сыйақы қорын бөлу туралы шешім қабылданды. Өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін және бастамашыл қызметкерлерді ынталандыру үшін сыйақы қорының қа-

ражаты еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімінің билігінде болады, – дейді **«EmbiMunayGas» АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Ілияс САРЫБЕКОВ.**

(Басы. Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІ САНДА: СЕГОДНЯ В НОМЕРЕ:

4 ► Жұмыс сапары
ӨНДІРІСІЛІК ЖОЛДАР
КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН
ЖАҢАРТЫЛУДА

6 ► Маман
ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН
МҮМКІНШІЛІК
Қор жаңалықтары
КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫЛЫҒЫ
МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

7 ► Салауатты өмір салты
КОМПАНИЯ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІ
СПОРТ АЛАҢЫНДА КЕЗДЕСТІ

8 ► Цифрландыру
ЕМБІДЕГІ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮР



«EmbiMunayGas» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Ф.Габдуллин

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!

ҮЗДІКТЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салтанатты шара кезінде 2017 жылдың қорытындысы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша үздіктер анықталды. Мұнай-газ саласының дамуына және еңбекті қорғау жұмысына белсене араласқаны үшін **«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталғандар:**

1. БАХИТОВА Гүлбану, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі аға инженері;
2. ҚАНАЕВ Мұхамбет, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің № 1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының аға инженері;
3. ТАНБАЕВА Сақыбжамал, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің 2-категориялы инженері;
4. БИҒАЛИЕВ Мұрат, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімі бастығының орынбасары;
5. КАМИЕВ Руслан, «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының жетекшісі;
6. ҚҰРМАНТАЕВ Аманжан, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Мақат аудандық электр торабының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері;

Мұнай-газ саласының дамуына және еңбекті қорғау жұмысына белсене араласқаны үшін **«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Алғыс хатымен марапатталғандар:**

1. АБЕЖАН Қуанғали, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің №2 мұнай және газ өндіру цехының бастығы;
2. МҰСАНОВ Қазыбек, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі инженері;
3. АЙТЖАНОВ Ержан, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай мұнай және газ өндіру цехының бастығы;
4. ТОҚПАҚОВА Болған, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі аға инженері;
5. БИСЕНҒАЛИЕВ Ерлан, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Қайнар аудандық электр торабының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері;

Жоғарғы кәсіби деңгейі және қоршаған ортаны қорғау жұмысына белсене араласқаны үшін **«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасымен және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Алғыс хатымен марапатталғандар:**

1. БЕКЕШОВА Галя, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы;

2. ДАВЛЕТАЛИЕВА Эльмира, «Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1 категориялы инженері;

Мұнай-газ саласының дамуына және еңбекті қорғау жұмысына белсене араласқаны үшін:

1. САМАЛИКОВА Гүлшат, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы;
2. БИСЕНОВ Қазим, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы;
3. МАНГИБАЕВ Талгат, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы;
4. ЕСМҰХАНОВ Қуандық, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жетекші инженері;
5. ДАУЛЕНБАЕВА Гүлбақыт, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1 категориялы инженері;
6. ҚАНАТБАЕВ Бақытжан, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға инженері;
7. ТӨРЕҒАЛИЕВ Дәрмен, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары **«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.**

Мұнай-газ саласының дамуына және еңбекті қорғау жұмысына белсене араласқаны үшін **«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Алғыс хатымен марапатталғандар:**

1. ТАЖЕНОВ Маратбек, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің мұнай және газ өндіру цехының бастығы;
2. ҚАЛИБЕКОВА Әсел, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1 категориялы инженері;
3. САЙМАСАЕВА Эльмира, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің аға инженері;
4. МАҚАШЕВ Талгат, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімі бастығының орынбасары;
5. ӘБІШ Мақсот, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай кен орны мұнай-газ өндіру шебері;



“Жылыоймұнайгаз” МГӨБ – “Оқиғасыз 1000 күн” номинациясының жеңімпазы

6. **ӨТЕНОВА Динара**, «Ембімұнайэнерго» басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері;

Салтанатты шара барысында еңбекті қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздік жұмыстарын үздік ұйымдастыру бойынша жыл сайынғы байқау-конкурсының қорытындылары шығарылды. 2017 жылдың қорытындысында «Оқиғасыз 1000 күн» номинациясы бойынша «Жылыоймұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасы жеңімпаз деп танылып, 1 000 000 теңге ақшалай сертификатына, дипломға және естелік кубокқа ие болды. Жоғарғы марапат басқарманың еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімінің бастығы Қайрат КУЛБАЛИЕВКЕ тапсырылды. Басқарманың ұжымына табыс етілген қаражат еңбек пен қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсалатын болады.

– Қандай жұмыс болмасын, бүгінгі күні мамандардың қауіпсіз алаңда еңбек етуі алғашқы кезекке қойылады. Қауіпсіздік техникасы бойынша инженерлердің штаты 3 есеге артты. Олар біздің басқарманың барлық 11 кен орнында бақылаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және егер мұнайшының өміріне қауіп төнсе, кез келген уақытта өндірістік үдерісті тоқтатуға дайын, – дейді Қ.Құлбалиев.

«Ұңғымаларды жер асты жөндеу үздік бригадасы» номинациясы бойынша (бригада ұжымы дипломмен, 250 000 теңге сертификатымен және Сарыағаш қаласында орналасқан «Ақ тілек» шипажайына 2 адамдық жолдамамен марапатталды):

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботақан кен орны № 11 бригадасы. (Шебер – ҚУАНТАЕВ Ардақ);
- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Жаңаталап кен орны № 13 бригадасы. (Шебер – МАЖИТОВ Сержан);
- «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің № 1 бригадасы. (Шебер – СЕРІКОВ Асылбек);
- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің №2 бригадасы. (Шебер – КУБЕСОВ Амантай);

«Үздік арнайы техника жүргізушісі» номинациясы бойынша (дипломмен, 110 000 теңге ақшалай сыйлықпен және Сарыағаш қаласында орналасқан «Ақ тілек» шипажайына 2 адамдық жолдамамен марапатталды):

- Сарсекбаев Байболат, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің арнайы техникасының

АЦН жүргізушісі;

- Сейтқалиев Ербол, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің арнайы техниканың цементтеу агрегатының машинисі;
- Қаржауов Слюмен, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арнайы техника жүргізушісі;
- Долгошеев Виталий, «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнайы техника жүргізушісі;

«Үздік цех» номинациясы бойынша (цех ұжымы дипломмен, бағалы сыйлықпен және 250 000 теңге сертификатпен марапатталды):

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Оңтүстік – Батыс Қамысты кен орны №2 мұнайгаз өндіру цехы (цех бастығы – Әбежан Қуанғали);
- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің Терең – Өзек кен орны цехы (цех басшысы – Нұрмашев Қанат);
- «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Уаз, Қондыбай кен орнының учаскесі (участке басшысы – Сәлімгереев Сәбит);

«Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» номинациясы бойынша (дипломмен, бағалы сыйлықпен және 60 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды):

- МАМБЕТОВ Дулат, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай кен орны мұнай газ өндіру операторы,
- ШЕГІРОВ Талғат, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің Прорва мұнай дайындау және айдау пунктіннің операторы,
- АБЕНОВ Айбек, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің №4 Алтыкөл мұнай газ өндіру цехының сораптық станция машинисі;

«Өндіріс нысандарындағы үздік жатақхана» номинациясы бойынша (жатақхананың ұжымы дипломмен, 110 000 теңге сертификатпен және Сарыағаш қаласында орналасқан «Ақ тілек» шипажайына 2 адамдық жолдамамен марапатталды):

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Забурын кен орнының жатақханасы (коменданты – Отарова Қалығұл);
- «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай №1 кен орнының жатақханасы (коменданты – Исабаева Айтолқын);
- «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботақан кен орынының жатақханасы (коменданты – Қасанова Әлия);

«Мінез – құлық бақылау қауіпсіздігі және Алтын ережені орындау» но-



Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Ілияс Сарыбеков

минациясы бойынша (дипломмен, 110 000 теңге сертификатпен және Сарыағаш қаласында орналасқан «Ақ тілек» шипажайына 2 адамдық жолдамамен марапатталды):

- ТУЛЕШБАЕВ Мейрамбай, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің газ дайындау учаскесінің басшысы;
- ЕЛЕМЕСОВ Бейбит, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботақан цех басшысы;
- АЙТЖАНОВ Ержан, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай цех басшысы;

«Үздік инженер – эколог» номинациясы бойынша (дипломмен, бағалы сыйлықпен және 150 000 теңге сертификатпен марапатталды):

- Иманғалиева Гүлзада, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің инженер-экологі;

«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі үздік инженері» номинациясы бойынша (дипломмен, бағалы сыйлықпен, 110 000 теңге сертификатпен және Сарыағаш қаласында орналасқан «Ақ тілек» шипажайына 2 адамдық жолдамамен марапатталды):

- БАЛФИМБАЕВА Ағила, «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі бөлімінің инженері;
- ТУЛЕШОВ Мақсат, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі бөлімінің инженері;
- ТАҢБАЕВА Сақыпжамал, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі бөлімінің инженері.

ӨНДІРІСІШІЛІК ЖОЛДАР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖАҢАРТЫЛУДА

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә. ЖАҚСЫБЕКОВ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында іс-сапарда болып, өндіріс және әлеуметтік салалардың жұмысымен танысты.



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің өндірістік нысанында

Басқарма төрағасы алдымен күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, тапсырылуға дайын тұрған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас кеңсесінде болды. Бұдан соң ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өткелі отырған **С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдығы** салтанатты шарасының дайындық жұмыстарымен танысты. Шараның бекітілген Бағдарламасына сай кейбір мәселелерді пысықтап, жауапты мамандарға арнайы тапсырмалар берді. Бұдан кейінгі басшының сапары С.Балғымбаев кен алаңындағы ұңғымаларды жөндеуге арналған 3 техникаға және 24 арнаулы техникаға арналып салынып жатқан екі гараждың құрылыстарында жалғасты. Ә.Жақсыбеков құрылыс жұмыстарына жауапты мердігер мекеменің басшылығымен кездесіп, ғимарат құрылысына қатысты ұсыныс-ескертпелерін айтты. Бұдан соң осы кеніште жүріп жатқан 150 адамдық асхана құрылысымен танысты. С.Балғымбаев кен алаңында 1-тамызға дейін құрылыс жұмыстары аяқталғалы отырған мұнайшылар асханасы мұнайшылар күні қарсаңында іске қосылмақшы. Бүгінгі таңда асхана құрылыс жұмыстарына 50-ге тарта адам тартылған. Керекті құрылыс материалдары дер кезінде жеткізіліп отыр. Құрылыс жұмыстары кідіріссіз орындалуда. Басшы өз тарапынан жұмыс бағытымен

жіті танысып, нәтижесін тауып жатқан шараларға ризашылығын білдірді.

Бүгінде Компания бойынша өндірісшілік жол мәселесі өзекті тұр. Бұл орайда, Ембі өндірісінде кенішілік жолдардың сапасын жақсарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Сол өндірісшілік жолдың бірі – Оңтүстік Батыс Қамысты, Оңтүстік Шығыс Қамысты кеніштерін жалғап жатқан 14 шақырым жолдың 4 шақырымының құрылысы аяқтала келді. Ал, жыл соңына дейін екі кеніштің арасын жалғап жатқан 14 шақырым жол толықтай жөндеуден өтеді. Өндірісшілік жол сапасын жақсарту келесі жылы да жалғасады. С.Балғымбаев кен алаңындағы 13,8 шақырымды құрайтын ішкі жолдардың құрылыс жобасы жасақталынды, келесі жылдың жоспарына енген. Сонымен қатар, Жаңаталап кеніші ішкі жолдарының құрылыс жұмыстарының жобасы толығымен аяқталып, келесі жылы жұмыс басталғалы отыр. Басқарманың жауапты мамандары дәл осылай өндірісшілік жолдар құрылысын кезең-кезеңімен қолға алтын болсақ, 2022 жылға қарай ішкі жолдар толықтай жаңартылады деп отыр.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас кеңсесінде жауапты мамандармен, бөлім және цех басшыларымен өткен кеңесте Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы көлік пен арнаулы техника жайымен, кеніштерде жүріп жатқан жайғастыру, абаттандыру жұмыста-

ЖҰМЫС САПАРЫ

рымен жан-жақты танысты. Жаңа ұңғымаларды қазу барысындағы жұмыстар туралы толық айтылды. Биылғы жылда 8 ұңғымаға бұрғылау аяқталып, қабылданған. Әрине, бұл шаралардың барлығы өнім өндіру көрсеткішінің орындалуына әсер етері даусыз.

Басқарманың жауапты мамандарымен болған жиында өндірістегі мердігер мекемелердің жұмыстарына бақылауды күшейту, мамандарды оқыту жайы, өндіріс мәдениетін жақсарту, еңбек тәртібіне талапты күшейту т.б. жайттар кеңінен айтылды. Исатай ауданындағы ірі табиғат пайдаланушы компания ретінде басқарма алдында жергілікті өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің өзекті тұрғаны да жан-жақты баяндалды.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – БАСТЫ НАЗАРДА!

Әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды жаңғырту, жаңа арнаулы киім, өндірісте ұялы телефонды қолдануға тыйым салу және тағы да басқа мәселелер «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ пен топ-менеджерлердің мұнай-газ өндіру басқармаларына сапарларында кеңінен талқыланды.

«Жылыоймұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да маусымның 19-20 күндері аралығында Компания басшылары өндірістік басқармалардың ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысымен танысып, шешімін күткен мәселелері бар нысандарды аралады.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не сапар барысында ЕМГ басшылары электр энергиясын жеткізіп отырған «Атырау Жарық» АҚ-ның электр беру желілерін қайта құру мәселесі туындап отырған Қаратон кен алаңының №2 және №5 учаскелерінде болды. Бұған қоса, мұнайды дайындау және айдау цехының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрақты өрт сөндіру бригадасын бөлу мәселесі талқыланды. Қазіргі таңда бұл мәселені және Терек-Өзек, Қисымбай кен алаңдарында осындай өрт сөндіру бригадаларын бөлу мәселесін ЕМГ «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ қаржы блогымен бірлесіп, қарастыруда.

Бұдан кейін жұмыс тобы бірнеше жыл бұрын Тәжіғали кен алаңында Каспий теңізінің суы басқан аумақта қалып, қай-

тадан бітеуді қажет етіп отырған мұнай ұңғымаларын көрді. Аталған мәселе бойынша мердігер мекеме кен алаңы аумағында ұңғымаларды бітеу бойынша іздеу жұмыстары жобасын жасақтауда және ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін уақытша жолдар салу мәселесі шешілуде.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не сапар кезінде Қаратон-Терең-өзек мұнай дайындау және айдау пунктіндегі газ желілерін қайта құру, Газды кешенді дайындау қондырғысының газ желілері мен газ шаруашылығына сервистік қызмет қызмет көрсету, Прорва мұнай дайындау және айдау цехының Сарықамыс-Қаратон блогының ұңғымалары мен С.Нұржанов кен алаңының батыс бөлігіндегі ұңғымалар өнімін тасымалдау үшін арнайы мұнай құбырын салу және басқа да өзекті жайттар көтерілді.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ-не сапар барысында басшылық топ Қарсақ кен алаңында болды. Өндірістік жиында көп бөлігінің сулану деңгейі 90 пайыздан асатын «Доссормұнайгаз» кен алаңдары тобында жүргізілген геологиялық зерттеу жұмыстары бойынша келешекте қолға алынар мәселелер талқыланды.

Жұмыс тобы мұнай-газ өндіру басқармаларының әр нысанын аралау кезінде жұмысшылардың тұратын жерлері мен тамақтану жағдайларына баса мән берді. Соның ішінде, Терең-Өзек кен алаңындағы вахталық поселкедегі тұрғын кешенінің жағдайы қуантты. Мұнда ауыр жұмыс күнінен соң мұнайшылардың тынығуына барлық қолайлы жағдай жасалған.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-де Кенбай кен орнындағы 100 орынға негізделген жаңа модульдік жатақхана да назардан тыс қалмады. Аталған ғимарат заманауи стандарттарға сәйкес жобаланып, салынды. Болашақта шығындарды үнемдеу және құрылыс уақытын қысқарту үшін, ғимараттарды салу үшін күрделі құрылыстан гөрі тұрмыстық жайлылық тұрғысынан ыңғайлы модульдік қондырғыларға көшу мүмкіндігі қарастырылуда. Кенбайдағы жаңа жатақхананы пайдалануға беру мерзімі кептіргіш бөлмелерді жабдықтау бойынша қосымша жұмыстарға орай ұзартылып отыр.

ЕМБІЛІКТЕРГЕ ЖАҢА АРНАУЛЫ КИІМ

Мұнай-газ өндіру басқармалары цехтары басшыларымен кездесулер бары-

сында ембілік мұнайшылардың қызыл түсті арнаулы киімдерін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ корпоративті түсіне сәйкес – көк түске ауыстыру мәселесі қаралды. Түске қоса, мата мен тігу сапасы да жақсарды. Жаңа форманың отқа төзімділікке қосымша антистатикалық қасиеттері де бар.

Жаңа форма клапандар санының көп болуына байланысты жақсы «тыныс» алады. Материал толықтай мұнай-газ саласының қызметкерлеріне лайықталған.

Бүгінгі таңда жаңа арнаулы киімді өндірістік құрылымдық бөлімшелерде тарату жұмыстары басталып кетті. Тек бір ғана талап – жаңа форма мен аяқ киімді алу үшін ескісін тапсыру қажет.

– Бұл талап жұмысшыларымыздың арнаулы киімді бөтен адамдарға беру жайттарының жиілеп кетуі себебінен қолға алынып отыр. Тіпті «Ембімұнайгаз» логотипі бар арнаулы киімдерді елдімекендерді тазалау жұмыстарымен айналысатын сервистік компаниялардың қызметкерлері киіп жүрген фактілер де тіркелді. Өзіңіз байқап отырғаныңыздай, мұндай жағдайлар ғасырға жуық тарихы бар компанияның имиджіне үлкен нұқсан келтіреді, – деп түсіндірді **Ә.Жақсыбеков**.

ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК ЖӘНЕ «ДОССОРМУНАЙГАЗ» МГӨБ ТӘЖІРИБЕСІ

Мұнай өндіретін бөлімдердегі кездесулер кезінде Ә. Жақсыбеков бірнеше рет осы бөлімшелердің басшыларына кадр саясатының тиімділігін арттыруды тапсырды.

– Барлық бөлімшелердің жетекшілері кез келген уақытта зейнетке шығу, жұмыстан босату немесе басқа қызметке ауысуына орай кадрларды жаңарту қажеттігі туындайтынын ескеріп, әр бағыт бойынша кадрларды дайындауы керек. Бұл білікті жас мамандарды басшылық лауазымдарға тарту, кез келген қызметкер мұнай-газ өндіру басқармаларының әр учаскесіндегі өндірістік қызметтердің қыр-сырын жетік меңгеруі тиіс, – деп атап өтті Басқарма төрағасы.

Сонымен қатар, Ә.Жақсыбеков «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшылығының осыдан 2 жыл бұрын өз қызметкерлерінен ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасын құру бастамасын ерекше атап өтті. 2016-2018 жылдар аралығында аталған бригада 23 ұңғымада жұмыстар жүргізді, оның 5-уі – өндіру ұңғымалары болса, 18 – айдау ұңғымалары.

Сукелімнің шектелуі бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылдың қазан айынан бастап бүгінгі күнге дейін қосымша 357 тонна мұнай алынды. 2018 жылы аталған бригада 11 ұңғымада: 5-уі – сукелімнің шектелуі, 5-уі – колонналардың саңылаусыздығы, 1-уі тарату қорынан айдау қорына ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді Сүлейменовтің айтуынша, қазіргі таңда бригада жұмысының сапасы мердігер компаниялар деңгейінде жүргізілуде. Бригаданың қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуы, жұмысшылардың тәжірибесі жыл сайын артып келеді. Бүгінгі күні олар тіпті күрделі жұмыстарды да сапалы орындап келеді. Бригада құрамында 20 жұмысшы екі вахта бойынша жұмыс жасауда. Әр вахтада екі ауысым – күндіз-түнде. Бригада жұмысының ауқымы ұңғымаларды жерасты жөндеу жұмысымен салыстырғанда әлдеқайда күрделі саналады.

– Мұндай бригаданы құру біздің ойымызша, мердігер мекемелердің көмегінен, оларға қаражатты бөлмей-ақ ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын өз күшімізбен атқаруға көмегінен тигізді. Бұл сөз кезегінде бүкіл МГӨБ бойынша геологиялық-техникалық шараларды өз күшімізбен орындауға оң септігін тигізеді. Бұл жұмыстардың барлығы ескі кен орындарын өңдеу бағытындағы міндеттерді шешуде үлкен маңызға ие болады. Бұл жұмыстардың барлығы бірнеше маңызды міндеттерді шешуге септігін тигізеді. Атап айтсақ, ескі кен орындарын игеру және мұнай өндірудің өзіндік құнын азайту, – деп атап өтті А.Сүлейменов.

ӨНДІРІСТЕ ТЕК – РАЦИЯ

Ембілік мұнайшыларды 2019 жылдың басында күтетін тағы бір жаңалық – өндірісте ұялы телефонды қолдануға тыйым салынуы. Бұл тәртіп бүкіл әлемдегі мұнай-газ секторының өндірістік кәсіпорындарына, соның ішінде Атырау облысындағы шетелдік қатысы бар мұнай өндіру компанияларда да қатаң сақталуда.

– Жұмыс кезінде жедел байланыс рация арқылы жүзеге асатын болады. Ал, жұмыстан тыс уақытта вахталық поселкелер мен жатақханалардың аумағында ұялы телефонды қолдануға шектеу қойылмайды, – деді енгізілгелі отырған жаңалық жөнінде Ә.Жақсыбеков.

МАМАН

22 маусымда Қазақстан-Британ техникалық университеті Консультативтік кеңесінің кезекті отырысы болды. Дәл осы күні 2018 жылғы түлектерге диплом тапсыру салтанатты шарасы да өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы атынан түлектерді Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы ЖАҚСЫБЕКОВ құттықтады.

«Ембімұнайгаз» АҚ жауапкершілігі мол жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде Қазақстан-Британ техникалық университетімен ұзақ уақыттан бері тұрақты байланыста. Келісімшарт міндеттемелерін жүзеге асыру аясында қазақстандық мамандарды

ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНШІЛІК

дайындауда Компания 2012-2017 жылдарда университеттің 100-ден астам студентінің оқуына қаржылай демеушілік көрсетті. Студенттердің диплом алды және өндірістік практикадан өтуін ұйымдастыру барысында 2012-2018 жылдар аралығында Ембі кен алаңдарында университеттің 150-ден астам студенті Ембі өңірінде практикадан өтті.

«Дуалдық оқыту» пилоттық жоба аясында 2016 жылы КБТУ-да 20 студенті «Ұңғымаларды зерттеу операторы» мамандығы бойынша өндірістік оқудан және практикадан өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ – еліміздегі өзінің өндірістік алаңдарында дуалдық оқыту жүйесін енгізген алғашқы компания. Оқу үлгерімі бойынша іріктеу сынағынан сәтті өткен студенттер мұнай-газ өндіру операторы, қондырғыны сусыздандыру мен тұзсыздан-



дыру операторы жұмысшы мамандықтары бойынша өндірістік практикадан және оқу бағдарламасынан өтуде. Жобаны жүзеге асыру кезінде, 2015-2017 жылдарда «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ өндіру басқармаларының базасында 69 тәлімгер дуалдық оқыту бағдарламасынан өтті.

КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫЛЫҒЫ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Жуырда Астанада Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі ашылды. Шараның ашылу салтанатына ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым мен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев қатысты.

Кәсіподақ қызметкерлерінің жаңа сипатын қалыптастыру мақсатында Қазақстанда алғаш рет қолға алынған кешенді білім беру жобасының мақсаты – еңбек ұжымдарындағы оңтайлы қарым-қатынастың қазіргі заманғы тәсілдеріне үйрету. Жобаны ҚР Кәсіподақтар федерациясы мен «Самұрық-Қазына» қоры Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы бірлесе қолға алған. Оның барысында кәсіподақтық менеджмент, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, коммуникация, қаржы және заңи сауаттылық, қызметкерлерді басқару, дау-дамайларды шешу

саласындағы өзекті мәселелер талданады.

«Бүгінгі өзгерістер сәт сайын орын алып жатқан уақытта біліктілік пен дағдыны үнемі жетілдіріп отыру қажет. Бұл жерде жақында ғана «Самұрық-Қазына» қорының жаңа Даму стратегиясы қабылданғанын, онда қарамағымыздағы компаниялардың қызмет тиімділігін көтеру көзделгенін жеткізгім келеді. Елбасы алға қойған міндеттерді орындауда кәсіпорындар кіріске жұмыс істеп, отандастарымыз ертеңгі күнге сеніммен қарауы тиіс. Бұл бағытта әлеуметтік серіктестіктен тыс, өндірістің өрлеуі де нақты ұжымдардағы кәсіподақ көшбасшыларының біліктілі-

ҚОР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



гіне байланысты деп санаймыз. Кәсіподақ басшылары адамдарға биік мүдде төңірегінде топтасып, жаңа заманға бейімделуге көмектескені абзал», - деді «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев.

Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі алты оқу модулінен тұрады: «Кәсіподақ көшбасшылығы», «Қаржы менеджменті», «Құқықтық сауаттылық және жауапкершілік», «Медияция мен кикілжіңдерді басқару», «Персоналды басқару» және «Тиімді коммуникация». Сабақтар қорытындысында қатысушылар арнайы сынақ тапсырып, оларға сертификаттар беріледі.

КОМПАНИЯ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІ СПОРТ АЛАҢЫНДА КЕЗДЕСТІ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шыққан 70-ке тарта зейнеткер «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не қарасты С.Балғымбаев кен алаңында өткен спорттық сайысқа қатысты.

Соңғы уақытта зейнеткерлер арасында дәстүрге енген спорт ойындарының биылғы сайысы Елордамыз – Астана қаласының 20 жылдығына арналды. Екі күндік сайысқа қатысқан зейнеткерлер спорттың 11 түрінен өзара сынға түсіп, бақ сынасты.

– Зейнеткерлер арасында спорттық шараларды ұйымдастыру Компаниямызда дәстүрге еніп отыр. Зейнеткерлер шараға белсенді қатысуымен қатар, жас мұнайшылардың тәрбиесіне және олардың бойында патриоттық сезім мен салауатты өмір салтын қалыптастыруда үлгі көрсетуде, – деп атап өтті шараның ашылу салтанатында **ЕМГ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт СМАТУЛЛИН**.

Ал, сайысқа қазылық еткен төрешілер ойын барысында топ жарған мықтыларды анықтады.

Сайыстың қортындысында төмендегі зейнеткерлер жүлделі орындарды иеленді:

Асық ату:

I орын – Амангелді Ерғалиев (ЕМГ орталық аппараты), Тұрған Тлекбаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);
II орын – Бөлекбай Досалиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), Алтынай Көптілеуова (ЕМГ орталық аппараты);
III орын – Есенгелді Отаров («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Мақпал Отарова («Жайықмұнайгаз» МГӨБ).



Бильярд ойыны:

I орын – Әспенбет Әбуғалиев («Ембімұнайэнерго» басқармасы);
II орын – Мақсат Қилыбаев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
III орын – Қибас Қалдыбаев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ).

Шашка:

I орын – Гайдар Арыстанов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Қарлыға Алтыналиева («Доссормұнайгаз» МГӨБ);
II орын – Әспенбет Әбуғалиев («Ембімұнайэнерго» басқармасы), Ботакөз Құлғалиева («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);
III орын – Құрмет Тулешов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Роза Өмірбекова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ).

Ұзындыққа секіру:

I орын – Айбек Адиров («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), Рыспеке Қарашиева («Доссормұнайгаз» МГӨБ);
II орын – Сырым Тұрғалиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Дариға Өтеулиева («Қайнармұнайгаз» МГӨБ);
III орын – Гибатолла Ғұбашев («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Роза Өмірбекова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ).

Тоғызқұмалақ ойыны:

I орын – Гайдар Арыстанов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Жаннат Махмутқызы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);
II орын – Аманжол Шәкірбаев («Доссормұнайгаз» МГӨБ), Роза Тасбулатова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);
III орын – Бердеш Құспанов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Гүлбаршын Беккалиева («Доссормұнайгаз» МГӨБ).

Шахмат:

I орын – Ислам Әбілғазиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ), Жаннат Махмутқызы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ);
II орын – Ақпан Қонысбай («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Мұстахима Исаинова («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ);
III орын – Айбек Адиров («Қайнармұнайгаз» МГӨБ), Сауле Бегешова («Доссормұнайгаз» МГӨБ).

Жалпыкомандалық есеп бойынша **I орынды** – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, **II орынды** – «Доссормұнайгаз» МГӨБ, **III орынды** «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командалары иеленді. Сайыс соңында қазылар алқасының мүшелері де ЕМГ Ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



ЦИФРЛАНДЫРУ

2018 жылдың 25–26 маусым аралығында Атырау қаласында болған “SMART OIL&GAS: Цифрлау. Технология. Көшбасшылық” Саммитінің аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да технологиялық тур өтті. Шараға қатысушылар Компанияның мұражайымен және Ембі интеллектуалды кен алаңдары жүйесін басқару орталығымен танысты. Компания басшысы– «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы ЖАҚСЫБЕКОВ қонақтарды мұражаймен және өндірістік процессті бақылау орталығының жұмыстарымен таныстырды.

ЕМБІДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТУР



МЕНШІК ИЕСІ
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ



Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

<https://www.facebook.com/100016808373445>

https://www.instagram.com/ao_embamunaigas

<https://t.me/embamunaigas>

www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; **Бауыржан БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; **Сәлімжан НАҚПАЕВ** – әлеуметтік саясат жөніндегі Басқарушы директор; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА** – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgep.kz